

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
04.05.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 04.05.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселені қарауға көшеміз. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды және ақпараттық қауіпсіздікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлына беріледі.

МУСИН Б.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Бұл заң жобасында үш концептуалды бағытқа негізделген нормалар бар, олар – мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациядан өткізу, деректерді басқару жүйесін ретке келтіру және электрондық құжаттарды тең дәрежеде қолданып, аясын кеңейтуді қамтамасыз ету.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының бастамасымен мемлекеттік аппаратты бюрократиядан түбегейлі арылту бойынша ауқымды жұмыс қолға алынып жатыр. Бұл тұрғыда сапалы серпіліс жасау үшін жаңа тәсілдер, цифрлық шешімдер мен технологиялар қажет.

Осыған орай мемлекеттік басқаруды толыққанды цифрлық трансформациядан өткізу үшін заң жобада бірқатар түзетулер қарастырылған. Атап айтсақ, мемлекеттік аппарат қызметінде цифрлық трансформацияға басымдық беру, бизнес-үдерістерге реинжиниринг жасау құралдарын енгізу, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның және оған ведомстволық бағынысты ұйымның мәртебесін айқындау.

Цифрлық трансформация құралдарының ең басты артықшылығы – бюрократияның себеп-салдарын, соның ішінде күрделі, түсініксіз және көлеңкелі тұстары көп процедураларды алып тастауға мүмкіндік береді.

Реинжиниринг жасау арқылы көзге көрінбейтін кедергілерді анықтап, жоюға, сондай-ақ шығындарды азайтып, кадрлық және қаржылық тұрғыда үнемді әрі тиімдірек бизнес-процестер құруға жол ашылады.

Алдағы уақытта мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялаудың нәтижесінде бәсекелестіктің дамуын, сыбайлас

жемқорлықты алдын алуға, мемлекеттік қызметті артық шығынсыз және жылдам алуды қамтамасыз етеміз.

Бүгінгі таңда қажетті институционалды және сараптамалық база қалыптасқан.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Цифрлық трансформация орталығы іске қосылып, соның базасында 2021 жылы пилоттық түрде 100-ден астам бизнес-процестер қайта қаралып, сапасын көтеру бойынша ұсыныстар жасалып, жұмыстар жүргізілді. Осындай жұмыс барлық мемлекеттік органдардың функциялары бойынша жүргізілетін болады.

Цифрлық трансформация басқармалық шешімдер қабылдау сапасына да оң әсерін тигізеді, себебі шешімдер шынайы, толыққанды және өзекті мәліметтерге, яғни деректерге негізделуі тиіс.

Шынайы және өзекті деректер – бұл алдыңғы қатарлы экономикаға, әлеуметтік жағдайға талдау және болжау арқылы әр азаматтың қажеттілігін дер кезінде анықтап, халықтың өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін фактор.

Сондықтан заң жобасында деректермен жұмыс тәртібін реттеуге бағытталған түзетулер кешені бар.

Деректерді басқару саласына уәкілетті органды енгізіп, оның мәртебесін айқындау қарастырылған. Бұл бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға және мекемеаралық қатынасты, яғни интеграцияларды жақсартуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қызмет көрсету немесе жүктелген функцияларды орындау кезінде мемлекеттік органдар үшін ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті жеңілдету ұсынылады.

Деректерді басқаруға бірыңғай талаптар белгіленеді.

Осылайша, жетекшілік ететін салаларға кешенді талдау жүргізу, мемлекеттік базалардағы деректерді өзектендіру, онлайн тәртіпте дәлелді және тиімді басқару шешімдерін қабылдау мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен қатар дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану талаптары да күшейтілетін болады.

Бұл үшін заң жобада жеке деректерді жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыратын ақпараттық жүйелерді ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері ретінде тану және оларды қорғауға қойылатын талаптарды күшейту ұсынылады.

Сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен сервистерде осалдықтарды анықтау және жою үшін отандық жеке ІТ-мамандардың әлеуетін пайдалану ұсынылады.

Цифрлық құжаттарды өз қажеттілігіне жаратып, белсенді пайдаланып жатқан азаматтардың қатары жыл сайын артуда. Мысалы, былтырдың өзінде цифрлық құжаттарды азаматтар 32 миллион рет пайдаланса, ал 2020 жылы небары 3,6 миллион рет қолданылған, яғни он есеге артып жатыр.

Заң жобада электрондық құжаттарды қағаз түріндегі баламасымен тең дәрежелі етіп заңдастыру, электрондық құжаттарды толыққанды қолдануға

кедергі келтіретін заңдардағы қайшылықтар мен әртүрлі оқылымдарды алып тастау және цифрлық құжаттардың қолданылу аясын кеңейту көзделген.

Мемлекет басшысы базалық құжаттарды электрондық форматта заңды түрде тану қажеттігі туралы айтты.

Заң жобада азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәліктерді электрондық форматқа ауыстыру қарастырылған. Бұл азаматтар үшін ыңғайлы болмақ, өйткені мекемелерге бару міндетінен босатылады, азамат кез келген уақытта құжатты басып шығара алады немесе QR-коды бар электрондық нұсқасын ұсына алады. Оның үстіне құжатты жоғалтып алса, төлнұсқа жасату қажет емес.

Азамат өзі қаласа немесе шетелге кеткен жағдайда құжатты қағазға басып шығара алатын болады.

Деректерді актуализациялау ең алдымен отбасылық жағдайдан басталуы тиіс, ал мұндай маңызды ақпарат жылдар бойы Азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАТ) бөлімшелерінде жинақталған. Бұл процесс жылдам және жүйелі түрде жүруі үшін азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі функциялар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына берілмек. Себебі корпорацияда қажетті сервистік инфрақұрылымдар және құзыреттілігі бар. Ал әділет органдарында азаматтық хал актілерін тіркеуді нормативтік реттеу, әдіснамалық қамтамасыз ету және бақылау жөніндегі құзыреті қалады.

Тұрғылықты жеріне қарамастан әрбір азамат үшін цифрлық сервистер мен қызметтер қолжетімді болуы тиіс, оны өздеріңіз де айтқансыздар.

Бұл үшін заң жобада ұлттық пошта операторының пошта желісі негізінде ауылдық елді мекендерде мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің цифрлық нүктелерін құру ұсынылады.

«Қазпоштаның» 2 мыңға жуық ауылдық бөлімшелерінде цифрлық қолжетімділік нүктелерін ашу жоспарлануда, осы электрондық бұрыштарда халық қызметтер алып, мемлекеттік органдарға электрондық өтініштер жолдай алады.

Мемлекеттік басқару салаларын цифрландыру шеңберінде жер қойнауын пайдалануға құқық беру жөніндегі аукциондарды электрондық форматқа көшіру, сондай-ақ оны өткізу процесін оңтайландыру, рұқсаттардың жекелеген санаттарын беру алгоритмін автоматтандыру арқылы адами факторды алып тастау ұсынылады.

Инновацияларды ынталандыру мақсатында заң жобада инновацияларды жіктеу бойынша ережелер (процестік және өнімділікті) мен технологиялық кәсіпкерлік ұғымын енгізу көзделген.

Құрметті депутаттар! Бұл заң жобасында азаматтар мен бизнес үшін қолайлы әрі қауіпсіз цифрлық орта құруға, мемлекеттік қызметтер мен цифрлық сервистерге қолжетімділікті арттыруға, мемлекеттік аппаратты цифрлық тұрғыда жаңғыртуға бағытталған.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жулин Юрий Викторовичке беріледі.

ЖУЛИН Ю.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мои вопросы адресованы Министру цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Уважаемый Багдат Батырбекович! Как Вы уже сказали, законопроектом предлагается организовать для сельского населения цифровые точки доступа на базе филиалов «Казпочты», что позволит повысить доступность государственных услуг для сельского населения, в то же время поддержит почтовую службу через этот новый вид работы.

В связи с этим у меня два вопроса:

1. Для этой работы с населением будут привлекаться дополнительные сотрудники или будут обучаться, переобучаться действующие кадры?

2. Поскольку функционал отделений «Казпочты» расширяется, планируется ли увеличение сети отделений с размещением их в селах с населением менее 2 тысяч человек? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Спасибо за вопросы.

Уважаемые депутаты, на самом деле вопрос так называемых мини-ЦОНов в селах давно назрел. Поэтому законопроектом это предлагается.

Что касается задействования штата, то мы предполагаем, что в основном будет задействован штат операторов «Казпочты». Вы сами знаете, в связи с тотальной цифровизацией, переходом на онлайн-формат обслуживания пенсионеров и другого контингента, который обслуживается в «Казпочте», доходы почтовых отделений в селах падают. Количество оказываемых ими услуг тоже падает. Поэтому мы с «Казпочтой» уже начали переобучение сотрудников «Казпочты», находящихся в сельских отделениях, чтобы они могли оказывать услуги ЦОН и «электронного правительства» в селах.

В селах с населением в количестве 2 тысяч человек есть отделения почты. Мы первоначально их будем задействовать, потому что сегодня есть примерно 340 филиалов ЦОН (так называемые фронт-офисы Госкорпорации «Правительство для граждан»), а у «Казпочты» – около 2 тысяч филиалов в сельских регионах. На первом этапе будем оказывать услуги на их базе, но дальнейшее распространение по всем селам надо будет рассматривать на Республиканской бюджетной комиссии, потому что перед тем, как законопроект мы вносили в Мажилис, базировались именно на селах с населением 2 тысячи человек и утвердили через РБК примерно 6 миллиардов тенге. Дальше, конечно, по мере возможностей рассмотрим распространение этой практики на меньшие села. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Әбсеметова Әлия Маратқызы.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Өткен жылы электрондық құжаттар сервисі іске қосылды. Бұл өте ыңғайлы болғанымен көптеген ұйымдар оған аса мән беріп, байыпты қабылдаған жоқ. Цифрлық құжаттарды пайдалануға

қатысты қоғамда қосарлы стандарттар қалыптасты. Бұл жағдай азаматтардың орынды түрде наразы болуына әкелді.

Электрондық құжаттарға қатысты оқиғалар өте көп. Мысалы, бір адам әуежайда цифрлық құжатпен ұшып кете алса, екіншісінен құжаттың түпнұсқасын талап еткен жағдайлар орын алған. Банктерде, өткізу пункттерінде және тағы басқа жерлерде де осындай жағдайлар орын алып жатыр.

Заң жобасында сіздер электрондық құжаттың мәртебесін күшейтесіздер. Бұл енді азаматтардан цифрлық құжаттардың қағаз жүзіндегі аналогтары талап етілмейді дегенді білдіре ме?

Тағы бір мысал арқылы сұрақ қояйын. Егер мен өз жеке куәлігімді жоғалтып алсам, телефонымдағы электронды жеке куәлігім цифрлық электрондық құжат болып есептеле ме?

МУСИН Б.Б. Рақмет. Алдымен соңғы сұраққа жауап беруге рұқсат етіңіздер.

Жеке куәліктің немесе басқа да бір құжаттың фотосы цифрлық құжат болып есептелмейді. Егер «e-gov mobile» қосымшасынан немесе банктердің қосымшасынан өзіңіздің цифрлық құжатыңызды жүктесеңіз, QR-кодты басып басқа біреуге көрсетсеңіз, ол QR-код, мысалы, «Ashyq» сияқты смартфоньыңызда сіздің цифрлық құжатыңыз екендігіне дәлел ретінде шығады. Ол цифрлық құжаттың шынайылығын растайтын тәсіл. Бірақ оның фотосы цифрлық құжат болып саналмайды.

Былтыр біз осыны енгізгенде, жаңа өзіңіз айтып кеткендей, расында да, әуежайларда ондай проблемалар болған. Сондықтан әрбір мекеменің, әрбір мемлекеттік органның тиісті ережелеріне өзгерістер енгізу қажет болды. Мысалы, әуежайлар біз тиісті ережемен жұмыс істейміз, егер оған өзгерістер енгізілмесе, ол әдісті қабылдамаймыз дейді. Сондықтан біз әрбір мемлекеттік органның тиісті ережелеріне өзгерістер енгізуге мәжбүр болдық. Егер осы заң жобасын қабылдасаңыздар, онда барлық заңнамаға өзгерістер енгізбей-ақ цифрлық құжатты, яғни жеке куәлікті пайдалануға рұқсат берілетін болады.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Жауабыңызға рақмет. Сонда «e-gov» арқылы аламыз. Қарапайым тілмен айтсақ, оның фотосуреті құжат бола алмайды, бірақ «e-gov» арқылы көрсетсек, ол құжат ретінде саналады.

МУСИН Б.Б. Дұрыс, «e-gov mobile» қосымшасы арқылы. Және біз басқа қосымшаларға, яғни жиі қолданатын банктердің қосымшаларына да цифрлық құжаттарды енгізіп жатырмыз.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Сіз әуежайды ғана айтып кеттіңіз, ал вокзалдарда қалай?

МУСИН Б.Б. Барлық жерде цифрлық құжаттардың қолданылуы осы заң жобасында қарастырылған.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Әлия Маратқызы, өте орынды сұрақ. Сіз телефоныңызды көрсетіп жатырсыз. Телефонды алып кіруге біздің Регламентте тыйым салынған.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Кешірім өтінемін.

ТӨРАҒА. Депутат Торғаев Бекқали Нұрғалиұлы.

ТОРҒАЕВ Б.Н. Спасибо, уважаемый Ерлан Жақанович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства энергетики.

Практически на каждом совещании по вопросам цифровизации депутаты ставят вопрос качества и доступности интернета в сельских населенных пунктах, пригородах мегаполисов. Крупные операторы практически не создают инфраструктуру в регионах, где малое количество абонентов, а также в труднодоступных населенных пунктах.

Решение проблемы доступности интернета постоянно откладывается. Все предлагаемые космические идеи со спутниковой связью, Илоном Маском не осуществились.

Депутаты предложили нормы, наделяющие операторов связи правом использования опор линий электропередачи для прокладки своих линий.

Хотелось бы знать Вашу позицию по данному предложению депутатов. Спасибо.

ЖАХМЕТОВА Ж.З. Қайырлы күн! Энергетика вице-министрі Жанар Жахметова.

Большое спасибо, Бекқали Нурғалиевич, за вопрос.

В рамках рассмотрения законопроекта этот вопрос обсуждался. Министерство концептуально поддерживает эту норму. Вместе с тем нам не нужно забывать о техническом состоянии самих опорных столбов, а также электрических сетей. Поэтому на уровне правил мы хотели бы эти вопросы урегулировать и подробнее расписать, а в целом поддерживается. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызы.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Бір ай бұрын біз Парламент Мәжілісінде үкіметтік емес ұйымдардың жас лидерлерімен кездестік. Көру қабілеті бұзылған жастардың атынан кездесуге қатысушылардың бірі интернет-ресурстардың ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолжетімсіздігі туралы мәселені көтерді. Депутаттар осы мәселені зерделей келе, интернет-ресурстарының иелері көру және есту қабілеті бұзылған адамдардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуі керек деген норманы заң жобасына енгізді. Бұл норма біздің заңнаманы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға сәйкес келтіреді.

Менің Сізге қоятын екі сұрағым бар.

Бірінші. Депутаттардың түзетуі бойынша Сіздің позицияңызды нақты білгім келеді.

Екінші. Сіздің министрлік мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының көру және есту қабілеті бұзылған адамдар үшін қолжетімділігіне мониторинг жүргізе ме? Осы норманың орындалуына қалай бақылау жүргізіледі?

МУСИН Б.Б. Сұрағыңызға рақмет, құрметті депутат.

Біз қолдаймыз. Біздің ойымызша, бұл өте дұрыс және өзекті мәселе. Бұл норма қабылданса, министрліктің «Өндірістік эксплуатацияға ақпараттық

жүйелерді енгізу» деген талаптары бар, соған енгізеді. Егер ол нормаларға сай келмесе, ол ақпараттық жүйелерді өндірістік эксплуатацияға өткізбейміз. Сондай-ақ бізде арнайы тексерулер механизмі бар, сол тексерулердің аясында сол нормаларды бірыңғай талаптарға енгізсек, оларға да айыппұлдар түрінде жазасын белгілей алатын боламыз. Сондықтан біз бұны қолдаймыз және әрі қарай жұмыс істейміз. Шынын айту керек, бүгінгі таңда осы жұмыс толыққанды жүргізілмеген.

ТӨРАҒА. Қосымша сұрақ қоясыз ба?

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Жоқ, Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Ли Юрий Виссарионович.

ЛИ Ю.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Багдат Батырбекович! Законопроектом предлагается создание центра выявления уязвимостей в объектах информатизации. К работе в этом центре будут привлекаться высококвалифицированные IT-специалисты, которые будут тестировать информационную систему, находить слабые места, впоследствии информировать администратора и получать за это вознаграждение. Фактически это является легализацией института белых хакеров.

В связи с этим у меня два уточняющих вопроса:

1. Будет ли такой центр единственным и таким образом превратится в государственную монополию или же такие центры будут существовать в конкурентной среде?

2. В настоящее время объекты информатизации уже проверяет Центр информационной безопасности. Не будет ли работа новой структуры дублировать функции центра? Спасибо.

МУСИН Б.Б. Уважаемый депутат, спасибо за вопросы.

На самом деле мы в процессе обсуждения на заседаниях рабочей группы поняли, что не будем вводить государственную монополию или наделять отдельное юридическое лицо какими-то полномочиями. Сегодня функционирует примерно 30 оперативных центров информбезопасности, о которых Вы говорите. Это частные операторы, которые заключают договоры со всеми и работают. Этот институт себя хорошо зарекомендовал. Поэтому мы не будем вводить государственную монополию. Платформа будет государственной, а на ней смогут работать эти ОЦИБ.

IT-специалисты (так называемые белые хакеры) могут помочь нам с выявлением уязвимостей. Они будут через оперативные центры информбезопасности регистрироваться на платформе и помогать нам выявлять те узкие места, которые присутствуют в государственных информационных системах. Механизм также предусматривает выплату вознаграждений частным белым хакерам. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Телпекбаева Жанна Тілеубекқызы.

ТЕЛПЕКБАЕВА Ж.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Сіздің министрлік мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді реинжинирингтеу бойынша үлкен жұмыс жүргізуде.

Қажетсіз келісулер, өтініштер мен тізілімдер алып тасталуда. Алайда көптеген бизнес-процестер оңтайландырудан кейін бұрынғы режимде жұмыс істеуде, өйткені жаңа модельді енгізу үшін қолданыстағы заң нормаларын қайта қарау қажет. Екі жұмыс істемеу үшін депутаттар заң шығару процесіне цифрлық сараптама кезеңін енгізуді ұсынды. Түзетуге сәйкес нормативтік құқықтық актілер қазіргідей қолданыстағы редакцияда қаралмайды, автоматтандыру және цифрландыру мүмкіндігін талдау заңдарды әзірлеу кезінде жүргізіледі, әзірлеушіге тиісті ұсыныстар беріледі.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Депутаттардың осы түзетулері бойынша Сіздің позицияңыз қандай? Министрлік осындай жұмыс көлемін атқара ала ма? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Рақмет.

Әрине, біз бұл жаңашылдықты қолдаймыз, өйткені реинжиниринг өткізгеннен кейін реинжиниринг барысындағы ұсыныстар нормативтік құқықтық актілерге енгізілгенін, енгізілмегенін қадағалау керек. Сондықтан нормативтік құқықтық актілерді цифрлық сараптамадан өткізу орынды деп ойлаймын. Өйткені реинжинирингті заңды тұрғыда енгізу, нормативтік актілерді цифрландыруға сай болғанын қарастыру цифрландыруға жаңа бір серпіліс, жаңа бір күш береді деп ойлаймын. Сондай-ақ бізге реинжиниринг барысында ұсыныстар енгізілгенін, енгізілмегенін қадағалауға да мүмкіндік береді. Ұсыныстарыңызға рақмет. Бұл ұсынысты біз қолдаймыз.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Депутат Сартбаев Бауыржан Мейрамбекұлы.

САРТБАЕВ Б.М. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Заң жобасына сәйкес азаматтық хал актілерін, тууы туралы, неге қию және басқа да хал актілерін тіркеуді 2023 жылдан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүргізеді. Енді Әділет министрлігі бұл бағыттағы жұмысты жүргізбейді. Осыған байланысты актілерді рәсімдеудің көптеген процестері айтарлықтай жеңілдетіледі, жұмыс кезеңдері оңтайландырылады.

Сонымен қатар азаматтық хал актілері – өмірлік маңызы бар көрсетілетін қызметтердің ауқымды жинағы. Бұл мәселедегі кез келген дәлсіздік, кідіру азаматтарымызға қатты әсер ететін болады.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Корпорация осы жұмыс көлемін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қабылдауға дайын ба? Әлде нормаларды қолданысқа енгізу мерзімін кейінге қалдыру керек пе?

МУСИН Б.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл функцияларды әкімдіктерден алып «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының аясына енгізбекшіміз, яғни халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы рәсімделмей, құжаттар азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімшелеріне беріліп жатыр. Осы функциялар «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясына берілсе, қызметтер сол жерде рәсімделіп, берілетін болады. Қызметтерді реттеп қана қоймай, азаматтық хал актілерін тіркеу базасында да деректерді актуализациялау мәселесі бар, оны да шешуге мүмкіндік береді.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қабылдауға дайын ба деп дұрыс сұрақ қойып отырсыз. 2023 жылға арналған бюджетке дейін осы заң жобасы қабылданса, 2023 жылы оны «Азаттарға арналған үкімет» корпорациясына алуға мүмкіндік болар еді. Оны кемінде жарты жылға ұзартсақ деймін. Екінші оқылымға дейін ол мәселені тағы да талқылап, Әділет министрлігінің көзқарасын біліп, бір шешімге келуге дайынбыз. Рақмет.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемая Балаим Туганбаевна.

У меня вопрос к представителю Министерства юстиции.

Заключение брака – это одно из самых важных решений в жизни каждого человека. Однако в ходе обсуждения законопроекта Министерством юстиции предложены поправки, которые создают какой-то такой новый режим онлайн-женитьбы.

Во-первых, весь этот процесс в рамках оптимизации процессов регистрации актов гражданского состояния можно осуществлять дистанционно. Заключать брак тоже можно дистанционно.

Во-вторых, срок уменьшен в два раза – с 30 дней до 15 дней. Раньше такой срок был доступен только для особых случаев.

В связи с этим у меня вопрос.

Не считаете ли Вы, что такие процедуры в угоду оптимизации этих процессов самым негативным образом скажутся на обдуманности и прочности заключаемых союзов? Спасибо.

МАДАЛИЕВ А.Қ. Құрметті Ирина Сергеевна, сұрағыңызға рақмет. Өте орынды сұрақ.

Қазіргі таңда заңнамаға сәйкес неке қию туралы өтініш бір ай бұрын мерзімде беріледі. Ерекше жағдайларда, дәлелді себептер болған кезде, яғни өмірлік жағдайларда – жүктілік бойынша, жұмыс бойынша, оқу бойынша, көшу, әртүрлі жағдайларға сәйкес бұл мерзімді қысқартуға мүмкіндік бар. Ал статистикаға жүгінсек, 2021 жылы жергілікті атқарушы органдарда 140 мыңнан астам неке қию туралы өтініш мемлекеттік тіркеуден өткен. Оның 75 пайызға жуығы мерзімді қысқарту бойынша қосымша құжаттар тапсырған, яғни 100 мыңнан астам өтініш келіп түсті. 100 мыңнан астам азамат үшін бұл қосымша бюрократия, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық мәселесі болып табылады.

Сондықтан азаматтар бұндай құжаттарды тапсырмай-ақ мерзімін 30 күннен 15 күнге қысқарту орынды деп санаймыз. Сонымен қатар ерекше жағдайларда 15 күннен де қысқа мерзімде тіркеуге болады. 30 күн деген ол Кеңес заманы кезінен қалған мерзім. Жалпы, халықаралық тәжірибеге жүгінсек, көп мемлекеттерде оның мерзімін жас жұбайлардың өзі анықтайды, мысалы, Данияда бұл жеті күн ғана. Сондықтан біз бұл ұсынысты қолдаймыз.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет.

Сөз депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлына беріледі.

БЕРДАЛИН А.Б. Рақмет, құрметті Балаим Туганбайқызы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне арналады.

Заң жобасында жер қойнауын пайдаланушылар үшін аукциондар өткізу рәсімін электронды форматқа көшіру ұсынылады. Бұл ретте Үкіметтің редакциясында көмірсутектері бойынша аукциондарды ғана цифрландыру ұсынылған. Депутаттар қатты қазбалар бойынша да ұқсас түзетулерге бастамашы болды. Аукциондардың бұл форматына адами фактор араласпайды деуге болады және әділ конкурс қамтамасыз етілуге тиіс.

Сонымен қатар автоматтандырған жүйелердің жасанды интеллекттісі небір ғажайыпты жасай алатындығын бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп отырмыз. Мысалы, ол тек әкімдік қызметкерінен тұратын тұрғын үй алушылардың тізімін қалыптастыруы да мүмкін. Осыған байланысты сұрағым бар.

Сіздердің аукцион жүйелеріңіз мұндай оқиғалардан қаншалықты қорғалған? Жосықсыз операторлар тарапынан жер қойнауын бөлуге араласу болмайды ма? Рақмет.

ЖАХМЕТОВА Ж.З. Құрметті Аманғали Бисенбайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Дұрыс айтасыз, негізі көмірсутектер бойынша электрондық аукцион 2020 жылдан бастап іске қосылған. Электрондық аукционды жүзеге асыру үшін біз операторды таңдадық. Оператор ретінде Қаржы министрлігіне қарасты ұйым анықталған. Осы ұйымның платформасы да бар. Жалпы, осындай тәуекелдерді көргеннен кейін біз заң жобасының шеңберінде оператордың жауапкершілігін күшейтіп отырмыз. Осындай нормалар заң жобасы шеңберінде қарастырылған. Яғни платформа арқылы жүргізілетін аукционға өзге бағдарламаны қамтамасыз ету құралдары арқылы қатысу тәуекелдеріне оператор жауапты және оны жасаудан қорғайтын болады. Ол заң жобасы шеңберінде қарастырылған.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет.

Сөз депутат Паяев Айбек Мінаимбекұлына беріледі.

ПАЯЕВ А.М. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Өзіңіз білесіз, Ресейге санкция қоюға байланысты елімізде түрлі дағдарысқа қарсы шаралар қолданылуда. Егер Ресейден келетін интернеттің трафигі қиындаған жағдайда біз Әзербайжаннан талшықты-оптикалық кабельді тартып, интернетті халыққа қолжетімді ету және транзит арқылы сатып пайда табатын жоспарларыңыз бар ма?

Өзіңіз білесіз, елімізде интернет қымбат, халыққа қолжетімді емес. Халықпен кездескенде ауылды елді мекендерді аралаймыз, ол жақта интернет жоқ. Сіздер интернет бар, барлығы керемет деп баяндайсыздар, бірақ ол жоқ. Әзербайжаннан трафик тартсақ, көп мәселені шешеміз. Сондай стратегиялық маңызы бар жұмыстар қаралуда ма? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Қазақстанға Әзербайжаннан Каспий теңізі арқылы талшықты-оптикалық кабельді жеткізу бойынша жоба қарастырылған. Осы жылы жоба іске асырылатын болады. Біз қазір Әзербайжан тарапымен келіссөздер жүргізудеміз. Негізі бұл жоба 2018 жылы қарастырылған, бірақ осы күнге

дейін жүзеге аспаған. Қазақстан тарапынан «Транстелеком» акционерлік қоғамы таңдалған және ол монополиялық жоба болатын. Әзербайжан тарапынан «Azercell» деген компания, Қазақстан тарапынан «Транстелеком» деген компания мемлекетаралық келісімді ратификациядан өткізіп, солар белгіленген болатын. Бірақ бүгінгі таңда «Транстелеком» мен «Azercell» бұл жобаны іске асырған жоқ.

Сондықтан біз елшіліктермен және үкіметаралық консультациялар жүргізіп, «Транстелекомды» «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына ауыстыру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Мемлекетаралық келісімшартқа өзгерістер енгізбей-ақ нота арқылы біздің тарапымыздан компанияны айқындап, осы жылы сол жобаға енгізуді қарастырып отырмыз. Бұл жобаны тездетіп жүзеге асыратын боламыз. Бұл тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, стратегиялық тұрғыдан да қаралатын жоба. Сондықтан бұл Мемлекет басшысының жеке бақылауында. Біз бұл жобаны бір жарым-екі жылдың ішінде жүзеге асырсақ, жаңа қолжетімділік пайда болады деген үміттеміз. Рақмет.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Депутат Паяевтың микрофонын қосыңыздар.

ПАЯЕВ А.М. Бағдат Батырбекұлы, «Транстелеком» деп дұрыс айтып отырсыз. 2018 жылдан бері төрт жыл өтті. Қажет кезде біз заңдарды бір күнде шығарамыз, депутаттар дайын. Қазір бұл қажет қой, неге біз соны талдамаймыз? Бұл халыққа қолжетімді интернет болады. Сондықтан, Бағдат Батырбекұлы, ол жобаны жандандыру керек. «Транстелеком» жоқ, анау жоқ, мынау жоқ деген әңгіме керек емес. Сіздің министрлік осыған жауапты министрлік. Сондықтан осы мәселені тездетуді сұраймыз. Рақмет.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі. МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті министр! Осы цифрландырудағы инновацияға Сіздің көңіліңіз тола ма, әсіресе нотариаттық іс-әрекеттер бөлігінде? Өзіңіз де айтып кеттіңіз, мысалы, екі тараптың бірдей тіркеу органында болмай қалатын жағдайлар да болады немесе алыста тұрады, науқас, жүріп-тұра алмайды, мүгедектігі бар, болмаса әскери қызметтер. Солардың барлығын куәландырып, мөр басып, бастықтары қол қойып беретін жүйені енгізгенсіздер. Бұл сыбайлас жемқорлыққа жол беретіндей жағдайлар да болуы мүмкін.

Жалпы, нотариаттық іс-әрекеттерді цифрландыру әлемде бар. Осы «инновация» деген сөзді жиі қолданбай, әлемде бар әдісті енгізсек, яғни атын айғайламай-ақ енгізе берсек дұрыс болар еді деген ұсынысым бар. Жаңағы сұраққа жауап беріңізші. Рақмет.

МУСИН Б.Б. Құрметті депутат, сұрағыңызға рақмет.

Нотариаттық іс-әрекеттер бойынша ақпараттық жүйе бар. Қай жерде қандай нотариус сенімхатты берді, келісімшартты рәсімдеді, оның барлығы базада бар, қолжетімді. Ол бір ақпараттық жүйе, оны енгіздік. Бірақ нотариусқа жүгінбей-ақ онлайн түрде рәсімдеу, шынында да, ол өзекті мәселе. Ол Әділет министрлігімен талқылануда. Осы жылы біз сенімхаттарды цифрлық тәсілде рәсімдеуді пилоттық жоба ретінде енгіземіз және оның қалай болатынын көреміз. Бұл жақсы жүріп кетсе, келесі жылы біз нотариаттық

барлық іс-әрекеттерді цифрландыру бойынша тиісті заң жобасын енгіземіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Ержан Құдайберген Төлепұлы.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті министр мырза! Жаңа Сіз елді мекендерде пошта қызметкерлерінің жалақысы төмен, өйткені табыс көзі азайып бара жатыр деп айттыңыз. Оның бірі халықтың «Қазпоштаға» деген сенімсіздігі. Сіз оны естисіз бе, әлде тым жоғарыдасыз ба, оны естімеуіңіз де мүмкін. Интернет-дүкендер «Қазпоштаны» пайдаланады. Кей жерлерде халық «Қазпоштаға» сеніп, сөйтіп түсіп қалады. Жалған дүкендер халыққа сапасы төмен тауарлар әкеліп алдайды, тіпті мүлдем басқа тауар әкеледі, ал тұтынушылар оны іздеп жүреді. Сонда сіздер интернет-дүкеннің мекенжайын тауып бере алмайсыздар, тұтынушылар оған қайта жүгіне алмайды, таба алмайды. Міне, осы жерде сіздер алаяқтарға мүмкіндік жасап жатырсыздар. Сіздер ол жерге келген тауардың ішінде не бар екенін де көрмейсіздер. Ойы бұзық азаматтар соны пайдаланып елге, халыққа зиянды зат жіберуі де мүмкін ғой. Осы мәселеге қалай қарайсыз?

Ескерту. «Құрметті депутат» дегенге «мырза» деп қоссаңыз, жұмсақтау естіледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бағдат Батырбекұлы, әр депутаттың аты-жөні бар дегендей.

МУСИН Б.Б. Рақмет.

Негізі бұл мәселе Сауда және интеграция министрлігінің құзырына жатады, өйткені электрондық коммерция да сауда ғой. Мен «Қазпоштада» жұмыс істегенмін, ол жағдайды білемін. Дұрыс айтасыз, цифрландыруды пайдаланып халықты алдайтын алаяқтар бар. Ол мәселе бойынша халыққа насихат жұмыстарын жүргізу керек. Ол мәселені «Қазпоштаға» айтамын.

Алған посылкасын сол «Қазпоштаның» ішінде ашып, егер ол тауары дұрыс болмаса, оны сол «Қазпошта» арқылы қайтаруына болады.

Мен «Қазпоштаға» тиісті сауалдар жасаймын, бірақ ол «Самұрық-Қазынаның» еншілес компаниясы ғой, сондықтан олардың регуляторикасы бізде емес, Сауда және интеграция министрлігінің құзырында. Бірақ мен оларға бұл мәселені жеткіземін, тиісті жұмыстар жүргізетін боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы, Сіздің баяндамаңызда да және депутаттардың сұрақтарында да бұл мәселе қозғалды. Жаңа Сіз 2 мың адамы бар елді мекендерде цифрлық қызмет көрсетіледі, сол жерде «Қазпоштаның» бөлімшелері бар дедіңіз. Жұмыс тобында депутаттар цифрлық тәсілден басқа қағаз жүзінде де құжаттарды рәсімдеу бойынша ұсыныстар берген болатын. Себебі 2 мың адамнан аз елді мекендерде интернет жоқ, бар болса да оның қуаты өте төмен. Біз өңірлерге барған кезде сайлаушылар осы мәселені көтерген болатын. Бір құжатты рәсімдеу үшін олар 200-300 шақырым жердегі аудан орталығына барады, кейбіреуі тіпті облыс орталығына барып шығындалады.

Осыған байланысты менің бірнеше сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Цифрлық құжаттардан басқа қағаз жүзіндегі құжаттар сол елді мекендерде қолданыла ма, қабылданыла ма?

Екінші сұрақ. 2 мың адамнан төмен елді мекендерде дұрыс интернет қашан болады? Сіздер соны қашан реттейсіздер?

Үшінші сұрақ. Сіздер тек облыс орталықтарына барасыз, неге ауылдарды араламайсыздар? Ауылдарды араласаңыздар цифрландырудың қандай деңгейде екеніне көздеріңіз жетеді. Рақмет.

МУСИН Б.Б. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Еділ Терекбайұлы.

Біз «Қазпошта» арқылы қызмет көрсетеміз деп жатырмыз, ол тек цифрлық түрде ғана емес, қағаз түріндегі қызметтерді де жүзеге асыруға мүмкіндік болады және оны да қолданатын боламыз.

Интернет мәселесі бойынша. Жалпы, бұл бұрыннан көтеріліп келе жатқан мәселе ғой. Бізде үлкен қалалардың маңындағы кіші елді мекендерге басымдылық беріледі. Ол мәселені шешіп жатырмыз. Мысалы, Қосшының арғы жағындағы Қабанбай батыр деген елді мекенде операторлармен бірге базалық станциялар орнату жоспарын құрдық және орнатып жатырмыз. Бұл 2020 жылы пандемия кезінде белгілі болған мәселеле ғой. Бұны біз жандандырып жатырмыз.

2019 жылы 50 тексеріс өткізсек, 2021 жылы 500 тексеру өткіздік. Осы тексерулердің нәтижесінде біз интернеті төмен ауылдарды айқындап, ол бойынша операторларға айыппұл түріндегі жаза белгіледік. Бірақ тұрғындар саны 250-ден аз ауылды елді мекендерге интернет желісін жеткізу экономикалық тұрғыдан тиімсіз, сондықтан ол ауылдарға интернетті спутниктер арқылы тарататын боламыз. Ал тұрғындар саны 250-ден жоғары елді мекендерге интернет мәселесін осы жылдың соңына дейін реттейтін боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Кучинская Юлия Владимировна.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Большое спасибо, Ерлан Жаканович.

У меня вопрос к Багдату Батырбековичу.

Сегодня в Парламенте рассматривается Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам волонтерской деятельности, благотворительности, государственного социального заказа и грантов для неправительственных организаций». В рамках рассмотрения данного законопроекта неправительственными организациями поднимался вопрос об урегулировании деятельности краудфандинговых и фандрайзинговых платформ.

Скажите, пожалуйста, вы, как министерство, отвечающее за цифровую политику в нашей стране, обсуждали ли с соответствующими государственными органами, как урегулировать данный вопрос? Вообще, какова Ваша позиция по данному вопросу?

МУСИН Б.Б. Спасибо, уважаемая Юлия Владимировна.

Вопрос актуальный, нам даже спускалось поручение по этому поводу. Как регулировать – это, наверное, предмет вашего законопроекта и отдельных правил, но цифровые платформы, в принципе, должны существовать не монопольно, их должно быть несколько. Это тоже рынок.

В принципе, если склоняться к зарубежному опыту, то такие платформы существуют. Это определенный рынок – какая платформа себя зарекомендовала лучше, такая платформа и работает, к ней больше обращаются.

Как регулировать – это, наверное, вопрос Министерства информации и общественного развития, потому что мы точно не регулируем деятельность волонтерских организаций. Мы, конечно, поможем, как их можно урегулировать в цифровом виде и как к ним выставлять какие-то требования. Если вы в законопроекте предусматриваете компетенцию Правительства, то мы это все урегулируем в определенных правилах.

ТӨРАҒА. Депутат Саиров Ерлан Бияхметұлы.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Бағдат Батырбекұлы, сіздер осы заң жобасы аясында 200 ауылды елді мекенге 18 миллиард теңге сұрап отырсыздар. Ал Қазақстанда 6 мыңнан астам ауыл бар, ол ауылдардың тең жартысынан астамында бүгінгі таңда интернет те жоқ, ұялы телефон да жоқ. Сіздер осы 200 ауылды елді мекенге 18 миллиард теңгені жіберсеңіздер, онда Қазақстанда цифрлық теңсіздік пайда болады. «Цифрлық резервация» деген ұғым бар. Сіздер осы қадамдарыңызбен цифрлық резервацияға басқа ауылдарды алып келесіздер. Неге біз бүгінгі таңда 6 мың елді мекенге шынайы аудит жасап, интернеттің қолжетімділігін, ұялы телефонның қолжетімділігін нақты тексермейміз? Неге сол бойынша жүрмейміз?

Президент Тоқаев әлеуметтік әділеттілік принциптерін мемлекетіміздің басты бағыты деп айтты. Бүгінгі таңда осы әлеуметтік әділеттілік цифрлық әділеттілік болып табылады. Сондықтан сіздер ең алдымен бағыттарыңызды өзгертулеріңіз керек.

Менің нақты сұрағым бар. Осы 6 мың елді мекенде қашан толыққанды интернет болады? Және оған сіздер «Қазпоштаны» қалай кіргізесіздер? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Құрметті Ерлан Бияхметұлы, рақмет.

Шынында да, 200 ауылды мекенге 18 миллиард бөлінеді дегенді тексеру керек.

«Қазпошта» туралы айтатын болсақ, онда 2 мың бөлімше, оларға 6 миллиард теңге қаражат керек. 2 мың ауылды мекенде «Қазпошта» бөлімшелері бар, оларға жыл сайын 6 миллиард теңге бөлу қарастырылуда.

200 ауылды мекенге 18 миллиард бөлу деген мәселені мен қазір айта алмаймын, мен ол цифрлармен келіспеймін.

Жалпы, 6 мың ауылды мекенде қашан толыққанды интернет болады дегенге келсек, шынын айту керек, бізде тұрғындар саны 200-ден аз ауылды мекендер 2 мыңға жуық, ол ауылды мекендерге интернет желісін жеткізуге 100 миллиардтан астам қаражат керек. Негізі келесі жылдары спутниктік

интернет жақсарады, сол спутниктік интернет пайда болған кезде оларға біртіндеп интернет қоса бастаймыз, яғни шалғай жерлерге, таудағы елді мекендерге. Оларды да түсінеміз, оларға да интернет керек, оларға да ұялы байланыс керек. Шынын айту керек, мүмкіндік жоқ қой, ол жерлерге де су құбыры сияқты интернет желілерін жүргізу керек. Жаңа тәсілдерді қолдану үшін Салық кодексіне өзгерістер енгізуіміз керек, соны ұсынып жатырмыз. Сол өзгерістер енгізілген жағдайда келесі жылы төмен орбитадағы спутниктер арқылы біз сол ауылды мекендерге интернет жеткіземіз деп отырмыз.

Тұрғындар саны 250-ден көп ауылды мекендерге интернет жеткізуге уәде бердік, оны осы жылдың соңына дейін қолға алып, дұрыстайтын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Саировтың микрофонын қосыңыздар.

САИРОВ Е.Б. Бағдат Батырбекұлы, менің бір өтінішім бар. Заң жобаларын алып келген кезде дұрыстап зерттесеніздер. Сіз 6 миллиард теңгеден үш жылға 18 миллиард теңге сұрап отырсыздар.

Екінші. Шағын елді мекендерді интернетпен қамту жөнінде толыққанды ақпарат алмадым, сондықтан маған ресми түрде жазбаша жауап беруіңізді өтінемін. Рақмет.

МУСИН Б.Б. Жақсы, жазбаша жауап береміз.

ТӨРАҒА. Депутат Иса Қазыбек Жарылқасынұлы.

ИСА Қ.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Осында үкіметтік сағатқа келген кезде Сізге еліміздің цифрландыру платформасын «Сбербанкке» беру туралы Үкіметтің тұжырымына қарсылық білдірген «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы туралы айтқанбыз және мен өзім де сұрақ қойғанымда айтып едім.

Әлемдік бағалауда егер біз онлайн дәрежесінде, жалпы, интернет әлемінде Ресейдің алдында болсақ, онда неге платформамызды бізден кейін тұрған Ресейге береміз, егер міндетті түрде басқа елге беру керек болса, онда неге алдыңғы үштікте тұрған Оңтүстік Кореяға, Эстонияға бермейміз дегенде, сіздер өз тұжырымдамаларыңызда тұрып едіңіздер. Біздің қазақ Үкіметі Ресейдің «Сбербанкіне» бермесе күн көре алмайтындай болған.

Сол кезде ертең халықаралық қауымдастық, АҚШ, Батыс осындай әлемдік бағдарламаларға тосқауыл қойып жатса, жағдай қиын болып кетсе, қалай болады дегенбіз, ескерткенбіз. Айтқанымыз айдай келді. Қазіргі пікірлеріңіз, тұжырымдарыңыз қандай? Өткенде Сіздің орынбасарыңыз Асқар Жамбакин өзіміз жасайтынымызды айтқан болатын. Осыған толық жауап берсеңіз. Рақмет.

МУСИН Б.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы! Біз платформалық модельге көшуді алдымызға мақсат ретінде қойып жатырмыз. Ол «Сбербанк» бола ма, басқа бола ма – ол екінші мәселе. Біріншісі – платформалық модельге көшу. Көшуді мақсат етіп қойдық, зерттедік, сіздің де сауалдарыңызды тыңдадық, қайтадан зерттеу жүргіздік. Былтыр қол қойылған ол тек меморандум, келісімшарт

емес. Меморандум болғандықтан біз тиісті сараптаманы жүргізіп, өзіміздің ІТ қабілеттілігі мол компанияларды тартып, өзіміздің «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-на жүгіндік. Бірақ ол тез арада емес. Өйткені біз дайын платформаны сатып алатын болсақ, тез арада платформалық модельге көшеміз деп ойладық. Енді барлық мәселелерді зерттеп, қазақстандық ІТ-компаниялармен бірігіп, осы мәселені платформалық модельге үш-төрт жылдың ішінде көшіруді мақсат етіп қойып отырмыз.

Ол тек Сіз айтып жатқан салдардан емес, жалпы, ІТ-қауымдастықпен бірігіп, былтыр құрылған эксперттік топпен бірге жұмыс істеп, платформалық модельді өзіміз құрастыра аламыз ба дегенді зерттедік. Мен Үкіметтің алдында да, Президенттің алдында да қазақстандық қауымдастықты тартып, осыны төрт-бес жылдың ішінде өзіміз жасай аламыз деп уәде бердім. Бірақ тәуекелдер бар. Оның ішінде біз жасай алмайтын компоненттер бар, яғни жасанды интеллект, басқа да компоненттерді сатып алып қолдануды келешекте қарастырамыз. Бірақ өзіміздің ІТ-мамандармен жасап, қажетті компоненттерді ғана сатып алатын боламыз. Сіз айтқан компанияның ғана емес, басқа да компаниялардың ұсыныстарын қараудамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Осындай жауапқа қанағаттанамыз ба? Біздің ІТ-компанияларымыздың мүмкіндігі бар. Бағдат Батырбекұлы, солай деп отырсыз ғой, иә?

ИСА Қ.Ж. Иә, соны ескерткен едік.

ТӨРАҒА. Сіздердің айтқандарыңыз айдай келіп отыр ғой енді.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Бағдат Батырбекұлына рақмет. Толық жауаптар бердіңіз. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Смышляева Екатерина Васильевнаға беріледі.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобасы цифрландыру саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы цифрлық құқықты қалыптастыру кезеңдерінің бірі – цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласындағы қатынастарды реттейді. Заң жобасы адамдар үшін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартады.

Ауылдар үшін заң жобасында «Қазпошта» ұлттық операторының инфрақұрылымында цифрлық қол жеткізу орталықтары көзделеді.

Мемлекеттік қызметтердің реинжинирингінің құқықтық негізі қалыптасуда. Қызметтер тез және қол жетімді болады.

Азаматтық хал актілерін тіркеу жеңілдейді. Енді туу, қайтыс болу, неке қию актілерін халыққа қызмет көрсету орталықтары тіркейтін болады. Осы және заң жобасының басқа да нормалары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту тапсырмасын орындауға бағытталған.

Цифрлық құжаттың құқықтық мәртебесі айқындалды. Енді қағаз көшірмелері міндетті емес болады.

Заң жобасының арнайы блогы тұлғалардың жеке деректерін пайдалануға байланысты ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне арналған.

Министр заң жобасының мазмұнын баяндап берді.

Өз кезегінде заң жобасы кәсіби қоғамдастық арасында үлкен қызығушылықпен талқыланды. Жұмыс тобы 102 мүшеден тұрады, олардың жартысы салалық сарапшылар екенін атап өткім келеді.

Заң жобасы 49 нормативтік құқықтық актіге – 9 кодекске және 40 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасын қарау үшін жұмыс топтарының он жеті отырысы, жекелеген бөлімдері бойынша сегіз сарапшылық алаң өтті. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің реинжиниринг орталығы базасында кеңестер өтті.

Заң жобасына депутаттар 400 түзету енгізді. Мәжілістің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді. Құжатпен жұмыс жалғасуда.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, жалпы, заң жобасын бірінші оқылымда қолдауды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Екатерина Васильевна.

Құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық технологияны қолдану процестерін заңнамалық деңгейде жүзеге асыру тапсырмасын орындауға бағытталған.

Депутаттар көтерген бірнеше концептуалды бастамалар бар, соған тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Біріншіден, ауыл мен қала арасындағы цифрлық теңсіздікті қысқарту мақсатында ауылды елді мекендерде халықтың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуінің цифрлық нүктелері ашылады. Цифрлық нүкте – пошта байланысы бөлімшесінің қызметкері көрсететін интернетке қолжетімділігі бар, компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен жабдықталған орын. Бұл бастама ауыл халқының электронды үкімет сервистеріне қол жетімділігін едәуір арттырады.

Екіншіден, энергетикалық инфрақұрылым тіректерінде оптикалық-талшықты байланыс желілерін әуе арқылы тартуға байланысты депутаттардың бастамасы болды. Бұл бастама барлық мүдделі мемлекеттік органдардан қолдау тапты. Осы норманың қабылдануы қазіргі таңда көптеген сұрақтар туындатып отырған арзан әрі жылдам әуе байланысы желілері арқылы шалғай ауылдарға интернет қосылуына мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

Үшіншіден, заң жобасында мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі өсіп отыр, яғни қандай да бір қызмет көрсетуге өтінімді енді алыс шалғайдағы

ауданға немесе қала орталықтарына бармай-ақ азаматтар таяудағы цифрлық нысанда беруіне болады.

Төртіншіден, заң жобасында электронды құжаттың қағаз құжаттармен тең мәні көзделетін түзетулер енгізілді. Енді көк мөрлері бар қағаз құжаттарға кезекте тұрудың қажеті жоқ.

Бесіншіден, заң жобасы электронды құжаттың мәртебесін бекітеді. Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы куәліктер мен анықтамаларды электронды форматқа көшіру қарастырылып отыр. Енді өзімізбен бірге құжаттың түпнұсқасын алып жүрудің де қажеті болмай қалатын түрі бар, өйткені смартфон немесе «e-gov» арқылы біз электронды құжаттарға қолжетімділікті арттырып отырмыз.

Басты айқындап айтатын үлкен мәселе, азаматтар үшін цифрлық сервистер кеңеюімен қатар, заң жобасында тұлғалардың жеке ақпаратын қолдау және қорғау күшейтіліп отыр. Жеке деректерді қауіпсіз басқаруға қойылатын талаптар, оның ішінде жекеменшік операторлар арқылы (мысалы, банктік қосымшалар) басқару талаптары күшейді. Мемлекеттік ақпараттандыру объектілері үшін қауіпсіздік критерийлері қайта қаралды.

Құрметті әріптестер, заң жобасы азаматтардың мемлекеттік қызметтерге және цифрлық сервистерге қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған. Осыған байланысты заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Рақмет.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги! Рассматриваемый законопроект, безусловно, очень актуален. Нормы, предложенные разработчиками, направлены на значительное улучшение качества государственных услуг и усиление информационной безопасности.

В ходе работы над законопроектом депутатами предложен ряд инициатив по устранению слабых мест в процессах цифровизации. Все эти инициативы основаны на конкретных ситуациях и обращениях наших граждан. Часть таких предложений уже принята рабочей группой, однако некоторые вызывают серьезные дискуссии.

Приведу несколько примеров.

При регистрации новорожденного ИИН присваивается ему только после того, когда родители дадут имя и заявят о регистрации. При этом процедура проходит через три информационных системы – медицинский регистр, база Министерства юстиции, информационная система Министерства внутренних дел. Именно последняя и генерирует ИИН нового гражданина. Однако ребенок после рождения до момента регистрации имени может месяцами не иметь «цифрового следа». Есть примеры, когда акты регистрации вообще не происходили. А вы знаете, уважаемые коллеги, что именно через ИИН происходит интеграция в системе госуслуг, прежде всего социальных.

Депутаты предлагают, чтобы ИИН ребенку присваивался сразу после рождения. Однако три администратора этого процесса никак не могут договориться между собой, кто будет это делать. Считаем, что надо до второго чтения надо решить этот вопрос.

Мы говорим об информационной безопасности. Вот еще пример. Есть услуга – смена руководителя юридического лица. Казалось бы, простая вещь, но этой возможностью уже несколько раз воспользовались физические лица, которые посредством ЭЦП физического лица зарегистрировали себя председателем общественного объединения собственников имущества, тем самым получили доступ к материальным ресурсам, конкретно – к банковским счетам.

Мы неоднократно предлагали государственным органам решить эту проблему, однако администраторы – Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, Министерство юстиции – перекалывают ответственность друг на друга. Вопрос-то простой, чтобы была ЭЦП не физического лица, причем постороннего, а юридического лица.

Должно что-то произойти? Так уже произошло – был силовой захват органа управления одного жилого комплекса, а на доказательство в суде мошеннических действий вышеупомянутого физического лица у законно избранного совета ОСИ ушло пять месяцев. Вот к чему могут привести упрощенное понимание цифровизации и отсутствие координации между государственными органами.

И это только несколько примеров.

Для дальнейшего продвижения «цифры» недостаточно поставить оборудование, создать программные продукты, привлечь дорогой консалтинг. Необходимо повышать уровень межведомственного взаимодействия и ответственность администраторов.

В целом данный законопроект значительно ускорит цифровизацию, обеспечит прозрачность и открытость процессов оказания государственных услуг, защитит персональные данные.

Уважаемые коллеги, я поддерживаю данный законопроект и прошу вас также его поддержать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 100, «жақтағандар» – 100. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 100, «жақтағандар» – 100. Қаулы қабылданды.



Құрметте: Бұжартамамен қамтамасыз ету
өкілдік сектор меңгерушісі
Майғ Н. Шайгожинға.